Анонс!

ЖОЛАЙРЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ БАҒЫТТАРЫ ӨЗГЕРДІ

2-бет



www.aigak.kz

RESPÝBLIKALYQ APTALYQ GAZET

АЙҒАҚ MEDIA

Gazet Qazaqstan Jýrnalıstıka Akademıasynyń "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jýrnalıster odaǵynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERYBAEV atyndaǵy syılyqtarynyń, "Altyn júrek" syılyǵynyń ıegeri

Instagram YouTube Facebook Telegram

№45 /sársenbi/ 02 qaraşa



# МИНИСТР ШЫМШАҺАРДЫҢ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ӨНЕРКӘСІПТІК ӘЛЕУЕТІМЕН ТАНЫСТЫ

Шымкентке жұмыс сапары барысында ҚР Ұлттық экономика министрі Оңтүстік Саяжай шағын ауданында инженерлік желілер құрылысының барысымен танысып, жергілікті тұрғындармен кездесу өткізді, деп хабарлайды аталмыш ведомствоның баспасөз қызметі.

Кездесуде тұрғындар электр энергиясының құнына шағымданды. Олардың айтуынша, шағын аудандағы жеке үйдің электр энергиясына тариф 1 кВт үшін 27-ден 35 теңгеге дейін құрайды.

Өз кезегінде Ә.Қуантыров қазіргі таңда шағын аудан аумағында жаңа қосалқы станция құрылысы жүргізіліп жатқанын атап өтті. Пайдалануға берілгеннен кейін электр энергиясының құны қала бойынша орташа 18 теңгеге дейін төмендетіледі.

Сонымен қатар, тұрғындар шағын ауданды газдандыру мәселесін көтерді. Абай ауданы әкімдігінің өкілдерінің айтуынша, газ құбырларын жүргізу жұмыстары тұрғын үйлердің құрылысы бітіп, пайдалануға берілгеннен кейін келесі жылдың соңына дейін аяқталады. Үйлері дайын тұрғындардың 40% - ы газды ағымдағы жылы алады.

Кездесуге қатысушылар бизнесті қолдаудың қаржылық және қаржылық емес шараларына да қызығушылық танытты. ҰЭМ басшысы азаматтар қызметтердің толық спектрін «Атамекен» ҰКП және «Даму» Қорының өңірлік өкілдігінен ала алатынын атап өтті. Кеңес алудан басқа, болашақ кәсіпкерлер менторлардың көмегіне, жеңілдікті қаржыландыру және Даму желісі бойынша қарызға кепілдік беру қызметтеріне сүйене алады.

Сапары аясында министр халықаралық әуежайдың жаңа терминалының құрылысымен танысты. Бүгінгі таңда ғимараттың қаңқасын салу, қаптау және шатыр жұмыстары аяқталды, жабдықтардың көп бөлігі әкелінді. Жаңа терминал бір уақытта сағатына 3000 адамға қызмет көрсете алады.

Сондай-ақ, ведомство басшысы «Стандарт» жеке индустриялық аймағының құрылыс алаңында болды. Ол жерде экологиялық мәселелерді шешу мақсатында қорғасын күл үйіндісін қайта өңдеу зауыты салынуда.

Индустриялық аймақтың құрылысы 2022-2024 жж. мерзімі аралығында 3 кезеңде жоспарланған, инвесторлардың ақпараты бойынша өндірістік үй – жайлардың жалпы ауданы 2024 жылға қарай 176 мың шаршы метрді, ал инвестициялар көлемі-17,5 млрд теңгені құрайды.

Сонымен қатар, ҰЭМ басшысы «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағына жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды аралады.

Бүгінгі таңда аталған айсақта құрылымына құны 130,4 млрд теңге құрайтын 53 жоба кіреді, олар 6,2 мыңға жуық жұмыс орнын қамтамасыз етуді көздейді.

Сонымен қатар, 2022-2024 жылдары қолданыстағы жобаларды кеңейтуді ескере отырып, жалпы сомасы 77,2 млрд теңгеге 22 жобаны іске қосу және 3,9 мың жұмыс орнын құру күтілуде.

Әлібек Қуантыров Шымкенттегі өнеркәсіптік нысандарды аралады. Соның бірі «Оңтүстік» индустриялық аймағының аумағында орналасқан кәсіпорындардың қызметімен танысты. Атап айтқанда, министр «Евро-Кристалл» шыны ыдысын өндіру зауытында болды.

Оны салу үшін «Бизнестің жол картасы» бағдарламасы шеңберінде индустриялық аймақ аумағында жер учаскесі бөлініп, инфрақұрылым тартылды. Кәсіпорын 300-ден астам адамды тұрақты жұмыспен қамтамасыз ете отырып, тамақ және фармацевтика өнеркәсібі үшін жылына 200 млн астам шыны ыдыс шығарады. Жобаның құны – 3,8 млрд теңге.

Сол жерде министр «QAZALPACK» жеңіл металдардан орау материалдарын шығаратын зауытқа барды. Мемлекет зауытқа «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы шеңберінде банктік қарыздың пайыздық мөлшерлемесін субсидиялайды.

Кәсіпорынның құны 23,4 млрд теңгені құрайды, оның жобалық қуаттылығы сусындарға арналған 500 млн дана алюминий банкалар мен қақпақтар жиынтығын шығаруға мүмкіндік береді. Өткізу нарықтары – Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстан. Заманауи жабдықтар мен өндіріс процестерін толық автоматтандырудың арқасында зауыт минутына 3000 дана өнім шығарады. Зауытта 150 адам жұмыс істейді.

Жұмыс сапары аясында Әлібек Қуантыров «Жұлдыз» индустриялық аймағының құрылыс барысымен де танысты. Онда 5 мыңнан астам жұмыс орнымен қамтамасыз ететін 50-ден астам ірі жобаны іске асыру жоспарлануда.

«Shymkent» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ филиалының директоры Нұралы Арғынбаевтың айтуынша, бүгінгі таңда «Жұлдыз» ИА құны 130 млрд теңге сомасын құрайтын 23 жоба орналастырылған. Инженерлік желілердің құрылысын аяқтау үшін республикалық бюджеттен 2,5 млрд теңге қажет.

Өз кезегінде, ҰЭМ басшысы шығыстардың қалған бөлігін қаржыландыру 2023 жылға арналған республикалық бюджетті нақтылау шеңберінде заңнамада белгіленген тәртіппен қаралатынын атап өтті.

**Салтанат ТОЙБОЛОВА.**




# ҚОС АУДАНДЫ АРАЛАҒАН ӘКІМ

Төлеби ауданында «КазахБитум» ЖШС-нің мұнай өнімдерін өңдеу зауытындағы үздіксіз полимерді модификациялау цехы ашылды. Киелітас ауылдық округі аумағында орналасқан зауыт жылына 200 мың тоннадан астам өнім өндіруге қауқарлы. Жоба құны – 550 млн. теңге. Цехта жол жөндеу жұмыстарына қолданылатын ерекше қоспа өндіріледі. Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды арнайы жұмыс сапарымен Төлеби ауданында болып, жаңа өндіріс орнының ашылу рәсіміне қатысты.

Битум әртүрлі жол жұмыстарында кеңінен қолданылады. Өнімнің бір ерекшелігі, ауарайының кез-келген температурасына бейімділігі. Битум жол төсенішінің біркелкілігін және түрлі деформациялanудан сақтайды. Полимерлі битумды пайдаланатын асфальтбетон қоспасы жолды тозып кетуден қорғайды. Цехта жергілікті тұрғындар тұрақты жұмыспен қамтылған.

Іссапар барысында облыс әкімі Бірінші Мамыр ауылдық округінде орналасқан «Балмұздақ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде болды. Балмұздақ цехы 1998 жылдан бері жұмыс істейді. Кәсіпорын жылына 3 мың тоннаға жуық балмұздақ, 15 тонна тұшпара, жарты миллион тоннадан астам шоколад өнімдерін өндіреді. 200-ге жуық адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Келер жылы 1 млн. 300 мың еврoға Австриядан балмұздақ цехына құрал-жабдықтар алып, орнатылмақ.

Күннің екінші жартысында Қазығұртқа сапарлатқан облыс әкімі аудан тұрғындарының алдында есеп берген берді.

Аймақ басшысы Мемлекет басшысының арнайы тапсырмасымен Түркістан облысында «Жайлы мектеп» пилоттық ұлттық жобасы әзірленгенін жеткізді. Салынатын мектептер жаңа форматта болады. Жоба шеңберінде Қазығұрт ауданында үш мектеп салынбақ. Ал биыл Рабат және Сырлысай елді мекендерінде 200 орындық мектептерді пайдалануға беріледі.

– Қазығұрт ауданын дамыту мәселесі назарда тұр. Ауасы таза, табиғаты көркем аймақта ауыл шаруашылығы, туризм, кәсіпкерлік салаларын дамытуға мүмкіндік мол. Өздеріңізбен арнайы жүздесіп, өтініштер мен ұсыныстарды тыңдауға келдік. Басқарма басшылары да осында тұр. Еркін пікір алмасуға дайынбыз. Жалпы ауданды дамыту бағытында «Ауыл – Ел бесігі» жобасы аясында биыл 7 елді мекенде 14 жоба іске асырылуда. Атап айтқанда, Шанақ, Жігерген елді мекендерінде жаңадан 200 орындық мәдениет үйлерін салуға, Қақпақ, Ынталы елді мекендерінде 2 дәрігерлік амбулатория салуға қаржы қаралды. Жігерген, Қаржан елді мекендерінде 21 шақырымды құрайтын 13 көшеге асфальт төселеді.

Жалғасы 2-ші бетте